

# «АҢСАҒАН СӘБИ» ҮМІТ СЫЙЛАЙДЫ

**Демография - кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе. Өйткені қай мемлекеттіңде дамуына халық саны ықпал етеді. Халықтың санын көбейтудің екі жолы бар. Бірі - табиғи өсім. Табиғи өсімді күшейту үшін жастарға, әсіресе жас отбасыларға, көп балалы аналарға, олардың жас ұрпақтарына үкімет тарапынан жан-жақты, нақтылы, тұрақты және жүйелі түрде қамқорлық, тікелей жәрдем ұйымдастырылып келеді. Екіншісі - шетте жүрген қандастарымызды Отанға оралту. Бұл бағытта да шетелдердегі қазақтарды елге қайтару үшін де түрлі шаралар іске асырылуда.**

Демографиялық өсімді арттыру бойынша жұмыстар осы қарқынмен жалғасатын болса, елімізде 2050 жылға қарай халық саны 24 миллионнан асады. 2050 жылға қарай болжам бойынша Қазақстанда халық саны 24,5 млн адамды құрайды.

Алайда, ерлердің белсіздігі мен әйел бедеулігінің көбеюі - қазіргі қоғамның ащы дертінің бірі болып тұр. Ұрпақ - адам өмірінің жалғасы, болашақтың иесі. Ұрпағы бардың ұтары мол екенін ата-бабамыз ертеден-ақ айтып кеткен.

Елде әрбір алтыншы отбасы баланың сыңғырлаған күлкісіне мұқтаж. Осыған орай ажырасудың да саны көбейген. Жыл бойынша ажырасқандардың 20 процентінің себебі балалы бола алмағаннан екен. Бұл мәселеге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында ерекше тоқталып, Орта Азия елдері арасында біздің елдің демографиялық ахуалының қиын екенін еске салды. Соған орай, 2021 жылдан бастап Үкімет «Аңсаған сәби» бағдарламасын іске қосады. Жасанды ұрықтандыру әдісіне жыл сайын ел тұрғындарына 1000 квота берілетін болса, аталған бағдарлама негізінде тікелей Президент тапсырмасымен 7 есеге көбеймек. Яғни 7000 отбасыға бала сүюге мүмкіндік сыйланады. Жылт еткен сәулені жарыққа балайтын жандар үшін бұл үлкен қуаныш. Себебі өз қаражатымен ЭҚҰ жасауға бәрінің мүмкіндігі жоқ. Жасанды ұрықтандырудың бір мүмкіндігі миллионға жуық қаржыны қажет етеді. Бұл соманы көптің қалтасы көтермейтіндіктен тұрғындар мемлекеттен берілетін квотаны жылдар бойы күтуге мәжбүр. Ал квотаның еселеп артуы 4-5 жылдап кезекте тұратын отбасылардың тезірек сәби сүюіне мүмкіндік берері сөзсіз.

Жалпы, елімізде алғаш рет жасанды ұрпақ өрбіту 1995 жылы қолға алынып, 1996 жылы дүниеге қыз бала келген. Бүгінде елімізде 26 ЭҚҰ орталық жұмыс істейді. Оның 21-і жекеменшік саналады. Жалпы Қазақстанда осы кезге дейін 25 мыңға жуық бала ЭҚҰ арқылы дүниеге келді деп айтуға болады.

Квотаға ие болу үшін, бастысы, әйел адам 20-35 жас шамасында болу керек әрі еркекте де, әйелде де ұрық болуы міндетті. Яғни бала көтеруге мүмкіндігі жоқ, ауыр дерті барларға квота берілмейді. Бұған жүктілікке және ұрықтандыруға жол бермейтін жатыр қуысының проблемалары, жүктілік және бала тууға қарсы көрсетілімі бар кез

келген органының ауыр ісінуі, сондай-ақ соматикалық және психикалық аурулары бар, аналық жасушалар қоры аз әйелдер жатады делінген.

Мемлекеттік тегін медициналық көмек көлемі аясында бір жылда тек бір рет ЭҚҰ үшін квота беріледі. Жүктілік сәтті болмаған жағдайда қайта кезекке тұру керек.

ЭҚҰ саладағы қатты толғандыратын мәселенің бірі - ұрық доноры. Бір адамның ұрығы бірнеше әйелге қолданылатындықтан болашақта бір анадан, бір әкеден туған ұрпақ көбейіп, тектіліктің түбіне балта шабуы мүмкін. Сол бір анадан бір әкеден туған балалар есейіп ержеткенде үйленіп жатса, оның зардабы ауыр болмақ. Сондықтан, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, репро-дуктолог дәрігер Ләззат Кенжебайқызы Айтқожина «Италиядағыдай бір донор бес отбасына ғана ұрығын ұсына ала-тын етіп заңмен тыйым салмасақ, бір анадан, бір әкеден туылатын сәби-лер саны көбейіп, жиырма, жиырма бес жылдан кейін олар бір-бірімен үйленіп жатса, ол ұрпақтың бетіне қалай қараймыз. Ұлтымызды жойып, тектілігімізге балта шауып алармыз»-деп ұрық донорының ортақ базасын жасау және бір адам донорын төрт-бес әйелден артық адамға қолдануға тыйым салу мәселесін көтеріп жүр. Сондықтан да, халық санын өсіру, ұрпақ сүйіп, ата-ана ата-ну жолында «жеті өлшеп, бір кесіп», «өгізді де өлтірмейтін, арабаны да сындармайтын» амал іздегеніміз жөн. Сонда «Аңсаған сәби» бағдарламасының берері мол болмақ.

**Сәрсөбай КАРИБАЕВ**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ, т.ғ.к.,**  
**доцент**